

Қазақстандық ұйымдардың халықаралық стандарттарға одан әрі көшуі жөніндегі 2010-2011 жылдарға арналған жоспарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 9 наурыздағы N 43-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 39-ө Өкімімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2011.30.03 № 39-ө Өкімімен.

Қазақстан Республикасының экономика секторларын халықаралық стандарттарға көшіру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстандық ұйымдардың халықаралық стандарттарға одан әрі көшуі жөніндегі 2010-2011 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары Жоспар іс-шараларының уактылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. «Қазақстандық ұйымдардың халықаралық стандарттарға жедел көшуі жөніндегі 2008 - 2009 жылдарға арналған жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 23 маусымдағы № 172-ө өкімінің күші жойылды деп танылсын.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

9

н а у р ы з д а ғ ы

№

4 3 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

Қазақстандық ұйымдардың халықаралық стандарттарға одан әрі көшуі жөніндегі 2010-2011 жылдарға арналған жоспар

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар (мың теңге)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1. Халықаралық стандарттарға көшу бойынша мемлекеттік басқаруды жетілдіру						
1	Халықаралық стандарттарға сәйкес салаларды мемлекеттік		ИСМ (жинақтау), мүдделі			

	реттеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	мемлекеттік органдар	2010-2011 жылдар IV тоқсан	Талап етілмейді	
2	Менеджмент жүйелерін республиканың кәсіпорындары мен ұйымдарында енгізу жөнінде өңірлік жоспарлар әзірлеу және оларды іске асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2010-2011 жылдар I тоқсан 2010-2011 жылдар IV тоқсан	Талап етілмейді	
3	Отандық кәсіпорындарды халықаралық стандарттарды енгізуге нормативтік-құқықтық ынталандыруды әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2010 жыл II тоқсан	Талап етілмейді	

2. Менеджмент жүйелері және өнімнің бәсекеге қабілеттілігі саласында нормативтік және ақпараттық қамтамасыз ету

4	Сапа менеджменті жүйелерінің саласындағы мемлекеттік стандарттарды Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстар жоспарына сәйкес әзірлеу және бекіту	Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органның бұйрығы	ИСМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, стандарттау жөніндегі ТК	2010-2011 жылдар IV тоқсан	0 0 1 бюджеттік бағдарлама бойынша көзделген қаражат шеңберінде және шегінде (ИСМ)	Республикалық бюджет
5	Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйыммен (ИСО) ынтымақтастықты қамтамасыз ету және «Сапаны басқару және сапаны қамтамасыз ету» ТК/ИСО 176 жұмысына қатысу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2010-2011 жылдар IV тоқсан	Талап етілмейді	

3. Сапа менеджменті нысандары мен әдістерін жетілдіру

6	Шетелдік үлгідегі сәйкестікті растау саласындағы құжаттарды беретін шетелдік және халықаралық ұйымдарды Қазақстан Республикасында есептік тіркеу жөніндегі жұмысты жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2010-2011 жылдар IV тоқсан	Талап етілмейді	
---	---	---	-----	----------------------------	-----------------	--

4. Кадрлар даярлау

					0 0 1 бюджеттік бағдарлама бойынша	
--	--	--	--	--	------------------------------------	--

7	Менеджмент жүйелері бойынша мамандарды оқыту жөніндегі жұмысты жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2010-2011 жылдар IV тоқсан	көзделген қаражат шеңберінде және шегінде (ИСМ)	Республикалық бюджет
---	---	---	-----	----------------------------	---	----------------------

5. Сапа менеджменті саласындағы ұйымдастыру іс-шаралары және насихаттау

8	Халықаралық стандарттарға сәйкес менеджмент жүйелерін енгізу мәселелері бойынша тұрақты жарияланымдар мен мақалалардың басылымға, Интернет-ресурстарға, сөйлеген сөздердің радиоға және телевидениеге шығуын ұйымдастыруды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2010-2011 жылдар IV тоқсан	0 0 1 бюджеттік бағдарлама бойынша көзделген қаражат шеңберінде және шегінде (ИСМ)	
9	Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін менеджмент жүйелерін әзірлеуге, енгізуге және сертификаттауға талдау жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2010-2011 жылдар тоқсан сайын	Талап етілмейді	
10	Менеджмент жүйесін енгізген және сертификаттаған өнеркәсіптік экспортқа бағдарланған кәсіпорындарға талдау жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), С А, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2010-2011 жылдар тоқсан сайын	Талап етілмейді	

6. Салаларда мемлекеттік стандарттарды енгізу

11	Даму институттарының бизнес-жоспарларын әзірлеу, инвестициялық жобаларын іске асыру кезінде қолданыстағы стандарттардың талаптарын орындау міндеттемесін белгілейтін бөлім көздеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2010-2011 жылдар тоқсан сайын	Талап етілмейді	
12	Әкімдіктерде стандарттау бойынша маманның штаттық бірлігін құруды көздеу (қазіргі бар штаттық саннан)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2010-2011 жылдар I тоқсан	Талап етілмейді	
	Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстар жоспарына техникалық		Облыстардың, Астана және			

13	реттеу саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес ұсыныстар дайындау	ИСМ - ге тапсырыс	Алматы қалаларының әкімдіктері	2010-2011 жылдар II тоқсан	Талап етілмейді	
14	Белгіленген форматқа сай стандарттау жөніндегі өңірлік жоспарларды бекіту	Бекітілген жоспар	ИСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган (келісім бойынша)	2010-2011 жылдар IV тоқсан	Талап етілмейді	
15	Салада қолданыстағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға, техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге әзірлеу, өзгерту, қайта қарау (жаңарту), күшін жою мәніне талдау жүргізу	ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2010-2011 жылдар I тоқсан	Талап етілмейді	
16	Стандарттау жөніндегі өңірлік жоспарларды орындау туралы есептерді ұсыну	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2010-2011 жылдар IV тоқсан	Талап етілмейді	
17	Тиісті салаға стандарттарды енгізу мәселелері бойынша Медиа-жоспар (мәжілістер, семинарлар, конференциялар, баспада ақпарат, жариялау және айдар күндері, Web-сайттарда ақпарат беру және радио және телевидениеде сөз сөйлеу) дайындау және оны орындау туралы есепті ұсыну	Бекітілген Медиа-жоспар Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2010-2011 жылдар I тоқсан 2010-2011 жылдар IV тоқсан	Талап етілмейді	
18	Кәсіпорындарда стандарттарды енгізу		Облыстардың, Астана және			

	бойынша салыстырмалы талдау жүргізу	Талдамалық анықтама, ИСМ-ге ұсыныс	А л м а т ы қалаларының әкімдіктері	2010-2011 жылдар тоқсан сайын	Талап етілмейді	
--	--	--	---	-------------------------------------	--------------------	--

Ескертпе: **аббревиатуралардың** **толық** **жазылуы:**
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК